

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Филология факультеті
Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы мәжілісінің

№9 ХАТТАМАСЫ

25.05.2023 ж.

Түркістан қаласы.

Қатысқандар:

комиссия төрайымы:

1. Қазыханқызы Лазура – PhD, аға оқытушы;

комиссия мүшелері:

2. Д.Мутанова – PhD, аға оқытушы
3. П.Адиева – ф.ғ.к., доцент;
4. Ы. Нұрмағанбетова – аға оқытушы;
5. Ш.А.Каримова - аға оқытушы;
6. А.Байдаулетова – оқытушы;
7. С.Қонысова - оқытушы;
8. Д.Саржанова – докторант;
9. Ф.Маккамбаева – магистрант;
10. Ж.Жумабекова- студент
11. А.Сейтжанова – әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімінің әдіскері

Шақырылғандар:

12. Т.Жаздықбаева – Мансапты дамыту және жұмыс берушілермен байланыс орталығының жетекші маманы
13. Л.Ибрагимова -Оқу жұмысын ұйымдастыру бөлімінің басшысы
14. А.Өзтүрк -Филология факультетінің деканы
15. Ж.Суинжанова -Оқу ісі жөніндегі декан орынбасары

Комиссия хатшысы:

16. А.Қонысова –оқытушы

Қатыспағандар: -

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Қайта қаралған білім беру бағдарламаларының ҚР БҒМ Реестрінде сараптамадан өтіп, тіркелуін және рәсімделіп, қайта бекітілуін қадағалау.
2. ББ іске асыруда оқытуға қатысты академиялық мәселелерді регламенттейтін сыртқы және ішкі нормативтік құжаттардың келесі оқу жылына жарамдылығын және қолжетімділігін қамтамасыз етілуін қадағалау
3. Білім алушыларын академиялық және әлеуметтік қолдау қызметтерінің нәтижелілігіне мониторинг жасау;
4. Мамыр айында жүргізілген іс шаралар нәтижелерін Комиссия мәжілісінде талдау

Тыңдалды:

1. Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы төрайымы Қазыханқызы Лазура сөз алып бүгінгі мәжілістің бірінші мәселесі бойынша мәселесі бойынша талқылауды ұсынды.

Мәжіліске қатысқан Филология факультетінің оқу ісі жөніндегі декан орынбасары Ж.Суинжанова күн тәртібіндегі мәселе бойынша, яғни, білім беру бағдарламаларының ҚР БҒМ Реестрінде сараптамадан өтіп, тіркелуін және рәсімделіп, қайта бекітілуін қадағалау мәселелері бойынша кафедраларда жұмыстар жүргізілу керектігін, білім беру бағдарламаларының ҚР БҒМ Реестрінде сараптамадан өтіп, тіркелуі қажеттілігін алға тартты.

«Ағылшын филологиясы және аударма ісі» кафедрасының меңгерушісі, А.Ермекбаева сөз алып былай деді: Кафедрада екі деңгейде (бакалавр, магистратура) БББ айындалу үстінде. Бірінші кезекте, білім беру бағдарламасының оқу жоспары дайындалды, одан кейін арнайы құзыреттіліктің оқыту нәтижелері дайындалғанын, бірақ та, академиялық бөлімнің тексеруімен толықтырулар енгізіліп қайта дайындалып жатқанын жеткізді.

«Қазақ филологиясы» кафедрасының меңгерушісі, Г.Жылқыбай кафедрада білім беру бағдарламасы үш деңгей бойынша (бакалавр, магистратура, докторантура) бойынша білім беру бағдарламалары дайындалып жатқындығын, кафедрада жұмыс тобы бойынша БББ-на толықтырулар мен өзгерістер енгізіліп дайындалып жатқанын атап өтті.

«Педагогикалық шетел тілдері» кафедрасының меңгерушісі М.Сеитова: «Педагогикалық шетел тілдері» кафедрасында шетел тілі: екі шетел тілі (ағылшын-түрік тілдері) мамандығы бойынша 2022-2023 оқу жылында бакалавр, магистратура, докторантура бойынша білім беру бағдарламалары дайындалып жатқындығын, кафедрада жұмыс тобы құрылып, бағдарламаларды қарастыра отырып, жұмыс берушілердің де көз қарасын, олардың ұсыныстарын ескеріп жатқындығын айтып өтті. Дайындалған бағдарламаларды академиялық бөлімнің тексеруіне ұсынғандығын және БББ аяқталғаннан соң ҚР БЖҒМ Реестріне теркелетіндігін айтты.

Келесі кезекте «Әлем тілдері» кафедрасының меңгерушісі С.Бейсембаева сөз алып, кафедрада білім беру бағдарламасы екі деңгей бойынша (бакалавр, магистратура) дайындалғандығын, жалпы құзыреттіліктерін академиялық бөлім, арнайы құзыреттіліктерін жұмыс берушілердің ұсыныстарына сәйкес кафедрадағы жұмыс тобы жасағанын айтты. Сонымен қатар, оқыту нәтижелері анықталып, пәндер сипаттамасы да дайындалды. Магистратура бойынша дайындалған БББ ҚР БЖҒМ Реестріне тіркеуге жіберіліп, тексеруде өтуде. Ал бакалавр бойынша БББ қайта дайындалып, өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп дайындалып жатыр деп өз сөзін аяқтады.

Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы төрағасы Л.Қазыханқызы сөз алып, «Жалпыакадемиялық ағылшын тілі» кафедрасы түлектер дайындамайтынын, сондықтан БББ дайындамайтынын атап өтті.

«Түрік филологиясы» кафедрасының меңгерушісі К.Семиз келесі сөз кезегін алып, кафедрада білім беру бағдарламасы дайындалып жатқындығын және жұмыс берушілердің ұсыныстарын ескере отырып, сонымен қатар білім алушылардың пәндерді таңдауына байланысты БББ-на толықтырулар мен өзгерістер енгізіліп жатқындығын айтып өтті.

Комиссия мүшесінің төрайымы мен комиссия мүшелері өзара талқылай келе бір шешімге келді.

Шешім. Қайта қаралған білім беру бағдарламаларының ҚР БЖҒМ Реестрінде сараптамадан өтіп, тіркелуін және рәсімделіп, қайта бекітілуін толыққанды жүзеге асыру кафедра меңгерушілеріне жүктелсін.

2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша факультеттің деканы А.Өзтүрк сөз кезегін ала отырып, БББ іске асыруда оқытуға қатысты академиялық мәселелерді регламенттейтін сыртқы және ішкі нормативтік құжаттардың келесі оқу жылына жарамдылығын және қолжетімділігін қамтамасыз етілуін қадағалау керектігін айтып өтті. БББ дайындауда академиялық нормативтік құжаттардың сонымен қатар Кәсіптік стандарт, университеттің БББ әзірлеу және жаңарту ережесін т.б. құжаттардың талаптары негізінде тиісті кафедралар БББ дайындалып, кафедра мүшелері тарапынан қадағаланып отыру қажеттігін айтты.

Әлем тілдері кафедрасы меңгерушісі С. Бейсембаева келесі сөз кезегін алып, В017 – Орыс тілі мен әдебиетінен мұғалімдерді даярлау тобы бойынша БББ-сын, НОЖ-ын талқылау, бекітуге ұсыну туралы өз ойымен бөлісті. 6В017 – Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерін даярлау бағыты бойынша 6В01717 – Орыс тілі мен әдебиеті,

6B01764 – Орыс тілінде оқытпайтын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламалары бойынша, 2023-2024 оқу жылына білім беру бағдарламаларын жаңарту мақсатында кафедра меңгерушілерінің тыңыз жұмыс жасағандары және білім беру бағдарламаларының стейкхолдерлерінің де бұл жұмысқа тартылғандығы айтылды. Стейкхолдерлерден ментальді карта сұралып, соның негізінде 6B017 – Тіл және әдебиет мұғалімдерін даярлау бағытындағы ББ атрибуты әзірленді. Атап айтқанда: Ата түрік атындағы №17 мектеп-гимназиясы түлектердің бойынан көргісі келетін қасиеттер: зерттеу дағдылары, пәндік білім, ұйымдастырушылық-әдістемелік қабілеттер, қарым-қатынас, мәдени құзыреттілік, өмір бойы білім алу мүмкіндігі, ақпараттық дағдылар, шығармашылық, жауапкершілік, көшбасшылық және кәсіпкерлік дағдылар; Назарбаев зияткерлік мектебі тарапынан ағылшын тілі пәні мұғаліміне қойылатын тараптар: жаңа идеяларға ашық болу, жаһандық азаматтық, заманауи методикаларды игеру, шығармашылық болып көрсетілді. Кері байланыс ретінде, 1 курс магистранттарының заманауи оқытушының дағдылары туралы ұсыныстары да ескерілгендігі жөнінде айтылды. Магистранттардың тарапынан келіп түскен ұсыныстарымынадай: жауапкершілік, ұйымдастырушылық, төзімділік, құзыреттіліктер, біліктілік, психологиялық сауаттылық, прагматизм, общительность, тапқырлық. Сонымен қатар, бакалавриат түлектері тарапынан ұсынылған: технологияны жақсы меңгерген, креативті, толерантты, шәкіртжанды, білікті, әділ секілді дағдылардың да ескерілгендігі туралы айтылды.

С.Бейсембаева жан-жақты ұсынылған дағдыларды саралай келе, 6B017 – Тіл және әдебиет мұғалімдерін даярлау бағытындағы ББ атрибуттарын көпшілікке ұсынды. Олар: Әлеуметтік және азаматтық сауаттылық; Мәдениетаралық коммуникация; Пәндік білім; оқу-тәрбие үдерісін жоспарлау, ұйымдастыру және бағалау; ғылыми-педагогикалық зерттеу; инновация және цифрландыру; креативті көшбасшылық.

Сонымен қатар, С.Бейсембаева 6B017 – Тіл және әдебиет мұғалімдерін даярлау бағытындағы ББ түлегінің моделін ұсынды. 6B017 – Тіл және әдебиет мұғалімдерін даярлау бағытындағы ББ түлегінің моделі: әлеуметтік және азаматтық сауаттылыққа ие болуы, мәдениетаралық қарым-қатынасқа қабілетті, пәндік білімі терең, инклюзивті білім беру ұстанымдарын ескере отырып, оқу-тәрбие үдерісін жоспарлайтын, ұйымдастыратын және бағалайтын, ғылыми-педагогикалық зерттеу дағдыларын игерген, инновацияға ашық, креативті көшбасшы болуы. Сонымен қатар, 6B017 – Тіл және әдебиет мұғалімдерін даярлау білім беру бағдарламасының мақсаты ұсынылды.

2023-2024 оқу жылына 6B01717 – Орыс тілі мен әдебиеті БББ оқыту нәтижесіне негізделген пәндер тізімі:

№	БББ атрибуттары	Пәндер тізбесі	
		ЖК	ТК
1	Әлеуметтік және азаматтық сауаттылық	История Казахстана, Философия, Модуль соц-пол дисциплин, Основы антикоррупционной культуры, Физическая культура, Ясавиведение	
2	Мәдениетаралық қарым-қатынас	Казахский язык, Русский язык, Турецкий язык, Английский язык Принципы Атаюрка, История тюркских государств.	
3	Пәндік білім	ЖК	ТК
		Фонетика и лексикология современного русского языка Словообразование и морфология современного русского языка Синтаксис современного русского языка Фольклор и история русской литературы до XIX века	Методы работы с текстом Основы правописания Развитие письменной речи Зарубежная литература I (античная литература) Зарубежная литература

		Русская литература XIX в. (I пол.) Русская литература XIX в. (II пол.) Русская литература XX в. (I пол.) Русская литература XX в. (II пол.) Практический русский язык Теория русской литературы.	II Зарубежная литература III Общее языкознание Стилистика русского языка Выразительное чтение Русская литература XX века и кинематография
4	Оқу-тәрбие үдерісін жоспарлау, ұйымдастыру және бағалау	Физиология развития школьников Педагогика Инклюзивное образование Теория и методика воспитательной работы Методика преподавания русского языка I. Методика преподавания русской литературы I Теория и практика полиязычного обучения Методика формирования языковых навыков (аудирование, речь, чтение, письмо)	
5	Ғылыми-педагогикалық зерттеу	Методология и методы педагогических исследований	
6	Инновация және цифрландыру	ИКТ Методика преподавания русского языка II Методика преподавания русской литературы II	
7	Креативті көшбасшылық	Креативное лидерство, Делопроизводство на государственном языке, Основы экономики, предпринимательства и бизнеса, Экология и безопасность жизни, Критическое и системное мышление	

Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы мәжілісінің төрайымы Л.Қазыханқызы кафедралар бойынша БББ дайындауда факультеттің және университеттің академиялық комитеті әдістемелік көмек көрсетіп жатқанын және де барлық нормативтік-құқықтық құжаттар кафедра меңгерушілерінде және университеттің сайтында сақталғанын атап өтті. Яғни, барлық нормативтік құжаттар қолжетімді және өзгеріссіз пайдаланып жатқандығын айтып өтті.

ББ іске асыруда оқытуға қатысты академиялық мәселелерді регламенттейтін сыртқы және ішкі нормативтік құжаттардың келесі оқу жылына жарамдылығын және қолжетімділігі университет сайтында қамтамасыз етілген. Академиялық саясат құжатына ссыла: <https://ayu.edu.kz/38620-2> Регламенттер: <https://ayu.edu.kz/reglamente>

Шешім: ББ іске асыруда оқытуға қатысты академиялық мәселелерді регламенттейтін сыртқы және ішкі нормативтік құжаттардың келесі оқу жылына жарамдылығын және қолжетімділігін қамтамасыз етілуі кафедра меңгерушілеріне жүктелсін.

3. Факультеттің сапамен қамтамасыз ету комиссиясының төрайымы Л.Қазыханқызы: күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша Филология факультетіне қарасты БББ дайындайтын кафедраларда білім алушыларды оқу-әдістемелік кешендермен толық қамтамасыз етілгені анықталды. Атап айтқанда, барлық білімгерлер тобы силлабустармен, лекциялар тезисімен және БӨЖ, ОБӨЖ әдістемелік нұсқаулықтармен, емтихан сұрақтарымен қамтамасыз етілген. ОПҚ құрамы оқу жылының екінші семестрінен бастап барлық білімгерлерге akgun.ayu.edu.kz сайтында контенттер енгізгенін айтты.

Шешім: Білім алушыларын академиялық және әлеуметтік қолдау қызметтері қанағаттанарлық деп танылсын.

25.05.2023 ж.

Мәжіліс төрайымы:

Қазыханқызы Л.

Мәжіліс хатшысы:

Қонысова А.